

Дидактикалық ойындар картотекасы...

№1. «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырату.

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Ойын барысы: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне карап есігін табу.

№2. «Біреу-көп»

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау.

Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.

№3. «Ұзын-қысқа»

Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды.

№4. «Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.

№5. «Өз үйінді тап»

Мақсаты: түстерді қайталау, оларды шатастырмауға дағдыландыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратылады, олар түсін атайды. Белгіден кейін балалар дөңгелектердің түсіне сәйкес шеңберге тұрады.

№6. «Көлем. Кім бірінші?»

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау.

Ойынның құрал-жабдықтары: картоннан жасалған геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Баланың көзінбайлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды.

№7. «Суреттің екінші бөлігін сал»

Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі карточкалар, қарындаштар.

Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады.

№8. «Суреттің жалғасын тап»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: жартыға бөлінген суреттер

Ойын барысы: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды. Ұқсас заттарды топтастырады.

№9. «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта»

Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер

Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген доп, мысық, көліктің қай жерде орналасқанын айтады.

№10. «Барлығы қанша?»

Мақсаты: заттарды санау, сандарды жазу.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі қағаздар, қарындаштар.

Ойын барысы: Балалар суреттегі заттарды санайды, тиісті санды жазады.

№11. «Кімге қанша?»

Мақсаты: реттік санауды бекіту, қимылдарды санау.

Ойын барысы: 1,2,3 кеттік енді секіріп,

Шапалақтап, топылдатып.

Қоян келді секіріп 3,4,5

1,2,3

№12. «Қай ойыншық тығулы түр?»

Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншықтардың суреттері.

Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият қарайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір немесе бірнеше суретті алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.

№13. «Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін қайталау.

Ойынның құрал-жабдықтары: апта күндерінің атауы жазылған қағаздар, сандар.

Ойын барысы: Балалар сандарды апта күнінен сәйкес орналастырады. Ретімен айтады.

№14. «Қуыршаққа қонаққа дайындалуға көмектес»

Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей заттарды салыстыруға үйрету, білгенін бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі қағаз жолақтар.

Ойын барысы: Қуыршақ қонаққа барғысы келеді. Оған әдемі бантик керек екен. Балалар қуыршаққа ең әдемі, ең ұзын лентаны табуға көмектеседі. Жолақтарды үстіне қою әдісі арқылы салыстырады.

№15. «Сандарды таны»

Мақсаты: сандар туралы алған білімдерін бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: сіріңкенің қорапиарына жазылған 1 ден 10 ға дейінгі сандар реті.

Ойын барысы: Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады. Мұқият қарап шығып жетпей тұрған санды атайды

№16. «Сана»

Мақсаты: сандарды қайталау, жылдам әрі дұрыс санауға дағдыландыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: көкөністер мен жемістердің суреттері.

Ойын барысы: Балалар суреттегі көкөністер мен жемістерді санайды. Қайсысы көп екенін айтады.

№17. «Кім жылдам құрастырады?»

Мақсаты: пішіндерді қайталау, логикасын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер, үлгі суреттер.

Ойын барысы: Балаларға пішіндер беріледі. Балалар үлгідегі суретке қарап өздігінен өрнек құрастырады.

№18. «Бұл не екенін ойлап тап» (геометриялық пішіндер)

Мақсаты: Балалардың білімдерін кеңейту, тілдерін жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: кілем суреттері, пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға кілемнің суреті беріледі. Балалар кілемге қандай пішінді жамау жетпей тұрғанын айтады, орналастырады.

№19. «Зат қандай пішіндерден тұрады?»

Мақсаты: Пішіндерді қайталау, оларды ажырату, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: пішінде, үлгі сурет.

Ойын барысы: Балаларға үлгі сурет беріледі балалар үстіне қою әдісін пайдаланып суретті құрастырады. Белгілі бір уақыттан кейін балалар көздерін жұмады. Белгіден кейін суретті өздігінен құрастыруға тырысады.

№20. «Не ұзынырақ, қысқа, жуанырақ, жіңішкерек?»

Мақсаты: заттардың көлемін салыстыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі пішінді, көлемді, түсті заттар.

Ойын барысы: Балалар заттарды кему ретімен орналастырады. Түстері бірдей, көлемдері, ұзындықтары әртүрлі заттарды топтастырады.

№21. «Не қайда орналасқан?»

Мақсаты: Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: 1-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар, 7 түсті жолақтар, әртүрлі ұсақ заттар, жануарлар, көкөністер, жемістер т.б.

Ойын барысы: Балаларға тапсырма беріледі. Қарбызды 3 қатар қызыл жолаққа орналастыр. Допты 4 қатар жасыл жолаққа орналастыр т.с.с.

№22. «Кеше, бүгін...»

Мақсаты: ойын барысында «кеше, бүгін, ертен» туралы түсініктерін бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер, үш әртүрлі түсті үй.

Ойын барысы: Топтық үш бұрышына үш үйдің суреттер орналастырылады. Балалар шеңбермен жүреді де такпақ айтады (кез келген). Тәрбиеші: «Иә,иә,иә бұл кеше болған оқыға!» дейді. Сол кезде барлық балалар «кеше» үйіне барып суреттерін салады. Ойын жалғасады.

№23. «Керісінше айт» (жылдам-баяу)

Мақсаты: Балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер.

Ойын барысы: Балаларға бір сөз айтылады, балалар сол сөздің мағынасына қарама-қарсы сөзді айтады. Ұзын-қысқа, жылдам-баяу, үлкен-кішкентай т.б.

№24. «Логикалық есептер»

Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын барысы: Педагог балалар логикалық ойруды қажет ететін сұрақтар қояды. Мысалы: Бір адамда неше аяқ болады? Үш мысық болыпты, біреуі сұр кетіп қалыпты, екіншісі қара түсті екен. Үшінші сары мысық құстарды қуып кетіпті. Қандай түсті мысық қалып қойды? Бір бөлмеде әр бұрышты бір мысықтан отыр. Бөлмеде неше мысық бар? т.с.с

№25. «Қай ойыншық жетпей тұр?»

Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншықтардың суреттері.

Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият қарайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір немесе бірнеше суретті алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.

№26. «Сандарды толықтыр»

Мақсаты: сандарды қайталау.

Ойынның құрал-жабдықтары: сандар.

Ойын барысы: Педагог балаларға екі сан айтады. Мысалы: 2-4. Балалар сандарды орналастырады, ортасында қандай сан жетпей тұрғанын айтады.

№27. «Кім бірінші атайды?»

Мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттер.

Ойынның барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Мысалы: үш сары түсті банан, бес жасыл түсті алмұрт.

№28. «Кімнің бойы биіктеу екенін айт»

Мақсаты: биік-аласа түсініктерін бекіту, салыстыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер.

Ойынның барысы: Балалар суреттегі заттарды салыстырады.

№29. «Қайсысы артық?»

Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер.

Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді.

№30. «Ою құрастыру»

Мақсаты: ою элементтерін біліп, оларды атауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: бірнеше бөліктерден тұратын ою элементтері.

Ойын барысы: Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.

№31. Кім жылдам?

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйретіп, түстерді ажыратуға, шапшаңдықтарын қалыптастыру.

Ойын барысы: Түрлі-түсті бөтелке қақпақтарын шашып араластыру, «1-2-3, Баста!!!» деген кезде балалар өздеріне керек түсті жинайды, болған бала сапқа тұрады.

№32. «Кім дауыстады,тап»

Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.

Құрал: арнайы құрал керек емес.

Ойын барысы: 3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады.

Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.

№33. «Сыңарын тап»

Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сыңарын таба білуге. Ер адамдар мен әйел адамдар киетін аяқ киім үлгілерінің ерекшеліктеріне назар аудару, ұлттық ою - өрнек элементтерінің қолданылуы жайындағы ұғымдарын жетілдіру. Зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: Түстері бірдей, ою - өрнек элементтерінде айырмашылықтары бар.

Пішініне қарай бірнеше аяқ киім түрлері алынады.

Ойын ережесі: Педагог балалармен ұлттық ою - өрнек түрлерін көрсетіп, атын таныстырады. Берілген аяқ киімдердің бірінен айырмашылығын ажыратып сыңарын табуға көмектеседі. Тапсырма беріледі.

Ойынға басшылық:

Педагог алдындағы қораптағы ұлттық үлгідегі аяқ киімдердің суреттерін көрсетіп, балалардан сұрайды. Мысалы: етік, мәсі, кебіс, саптама. Осылардың ішінен әйелдер киетін аяқ киімді бөлек қоюды ұсынады. Қолына алған аяқ киім сыңарын іздейді. Егер сыңарын дұрыс тапса қандай ерекшелік байқағанын сұрайды

№34. «Не жоқ?»

Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші шырша ойыншығын жасырады. Балалар қай ойыншықтың жоқ екенін табады. Содан соң тәрбиеші екі ойыншықты алып тастайды, үшінші рет ойыншықтар алынбайды, орындары ауыстырылады.

№35. «Санап үйренейік»

Мақсаты: 1. 10-ға дейін санауды бекіту.

2. 1-ші, 2-ші ұғымдарымен таныстыру.

Көрнекілік: Сандар («Шалқан», «Бауырсақ» ертегісі бойынша)

Барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып қойып, ертегіні әңгімелеу, сандармен ретін анықтау. «Шалқан» ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, қызы үшінші, т.б. пайдалана кетуге болады.

«Әрі қарай кері сана»